

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Хорватия Республикасына 2001 жылғы 18-20 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қазан N 1288

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Хорватия Республикасына 2001 жылғы 18-20 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-хорватия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Хорватия Республикасына 2001 жылғы 18-20 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де

мемлекеттік органдары және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 5 қазандағы  
N 1288 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
Хорватия Республикасына 2001 жылғы 18-20 шілдедегі ресми сапары  
барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды  
жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

---

Р/с! Іс-шара !Орындау мерзімі! Орындалуына жауаптылар  
N ! ! !

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4  
-----

1 Төмендегі құжаттардың  
жобаларын жасасуға дайындау:

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Хорватия ішінде Экономика және сауда  
Республикасы Үкіметінің министрлігі  
арасындағы сауда-экономикалық  
ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Хорватия І жарты Ішкі істер министрлігі  
Республикасы Үкіметінің жылдығы  
арасындағы ұйымдасқан  
қылмысқа, есірткі құралдары  
мен психотроптық заттардың  
заңсыз айналымына,  
терроршылдыққа және қылмыстың  
басқа да қауіпті түрлеріне  
қарсы күрестегі ынтымақтастық  
туралы келісім

Қазақстан Республикасының -//- Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Хорватия Сыртқы істер министрлігі  
Республикасы Үкіметінің  
арасындағы инвестицияларды  
көтермелеу және өзара қорғау  
туралы келісім

2 Хорватия Республикасының 2002 жылдың Қазақстан Республикасының  
Президенті С. Месичтің ішінде Сыртқы істер министрлігі  
Қазақстан Республикасына ресми  
сапарын дайындау және өткізу

3 Мұнай-газ саласындағы Қазақстан Республикасының

ынтымақтастықты дамыту:  
Мұнай-газ саласында өзара  
тиімді ынтымақтастықты  
дамытудың тетігін анықтау  
мәселесі бойынша "ИНА"  
(Хорватия Республикасы)  
компаниясы өкілдерімен  
келіссөздер жүргізудің  
мүмкіндігін пысықтау

Энергетика және минералдық  
2001 жылғы ресурстар министрлігі  
IV тоқсан (шақыру),  
"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ  
компаниясы" жабық  
акционерлік қоғамы  
(келісім бойынша)

- 4 Қазақстан Республикасының тұрақты Қазақстан Республикасының  
"Дружба-Адрия" мұнай құбыры Энергетика және минералдық  
құрылысының жобасына қатысу ресурстар министрлігі  
мүмкіндігі туралы мәселені (шақыру),  
пысықтау Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі,  
"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ  
компаниясы" жабық  
акционерлік қоғамы  
(келісім бойынша),  
"Мұнай және Газ тасымалы"  
ұлттық компаниясы" жабық  
акционерлік қоғамы  
(келісім бойынша)

- 5 Қазақстан тауарларының тұрақты Қазақстан Республикасының  
транзиті үшін Хорватияның Көлік және коммуникациялар  
Риека, Сплит айлақтарындағы министрлігі  
терминалдарды пайдалану  
мәселесін пысықтау

- 6 Қазақстан тарапының тұрақты Қазақстан Республикасының  
Хорватиядағы объектілерді Қаржы министрлігі (шақыру),  
жекешелендіруге қатысу Қазақстан Республикасының  
мүмкіндігін қарау Мемлекеттік кіріс  
министрлігі, Қазақстан  
Республикасының Энергетика  
және минералдық ресурстар  
министрлігі, Қазақстан

Республикасының Сыртқы  
істер министрлігі

- 7 Өңдеу, тағамдық, тұрақты Қазақстан Республикасының  
фармацевтикалық өндіріс, Экономика және сауда  
құрылыс, көлік, ауыл министрлігі,  
шаруашылығы, туризм Қазақстан Республикасының  
саласындағы ынтымақтастықты Энергетика және минералдық  
дамыту: ресурстар министрлігі,  
- келіссөздер, кездесулер Қазақстан Республикасының  
өткізу; Мемлекеттік кіріс  
- өзара сарапшылар алмасу; министрлігі,  
- өзара ақпараттар беру (оның Қазақстан Республикасының  
ішінде инвестициялық және Көлік және коммуникациялар  
салықтық ахуал, жеңілдіктер министрлігі,  
мен преференциялар туралы); Қазақстан Республикасының  
- қазақстандық әріптестерін Ауыл шаруашылығы  
іздеу; министрлігі,  
- Хорватияның шағын және орта Қазақстан Республикасының  
бизнесті қолдау жөніндегі, Сыртқы істер министрлігі,  
әсіресе туризм саласындағы Қазақстан Республикасының  
тәжірибесін зерделеу; Туризм және спорт жөніндегі  
- туристік заңдар, басқару агенттігі,  
тәжірибесі мен жоспарлау Қазақстан Республикасының  
бойынша ақпарат алмасу; Табиғи монополияларды  
- "Жібек жолы - Қазақстан" реттеу, бәсекелестікті  
жылсайынғы халықаралық қорғау және шағын бизнесті  
фестиваліне хорваттық қолдау жөніндегі агенттігі,  
туристік ұйымдардың қатысуы; Қазақстан Республикасының  
- бірлескен кәсіпорындар құру Денсаулық сақтау ісі  
жөніндегі агенттігі

- 8 Қазақстан Республикасы мен тұрақты Қазақстан Республикасының  
Хорватия Республикасы сыртқы Сыртқы істер министрлігі  
істер министрліктерінің  
арасында Консультациялар туралы  
меморандум негізінде  
ынтымақтастықты дамыту:  
- Халықаралық ұйымдардың (БҰҰ,

ЕҚЫҰ) шеңберінде  
ынтымақтастықтың басымдық  
берілетін бағыттарын айқындау;  
- аймақтық және халықаралық  
өлшем тұрғысында интеграциялық  
процестерді қолдауға  
бағытталған екі мемлекеттің  
халықаралық бастамаларын  
қолдау (ЕО, ЕурАзЭҚ)

- 9 Хорватия Республикасында 2002 жылдың Қазақстан Республикасының  
Қазақстан Республикасының ішінде Сыртқы істер министрлігі  
Құрметті консулы институтын  
құру туралы мәселені Хорватия  
Республикасы Сыртқы істер  
министрлігімен бірлесіп  
пысықтау
- 

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.